Американский лингвист и консервативный политолог Джон Макуортер в своей книге «The Story of Human Language» рассматривает два основных процесса, лежащих в основе появления новых лексических единиц – «grammaticalization» и «rebracketing» [9]. Термин «грамматикализация» – «grammaticalization» – впервые введён А. Мейе. Известно, что слова делятся на две большие группы – «concrete words» – знаменательные и «grammatical words» – служебные. Джон Макуортер пишет, что фундаментальным процессом, происходящим с языком во времени, является переход знаменательных слов в служебные, иначе говоря, это процесс превращения лексических единиц с ходом эволюции языка в грамматические показатели. Одним из ярких примеров является использование маркера «pas» в родственном английскому французском языке. «Pas», означавшее «шаг», добавлялось к отрицательным предложениям для усиления отрицания, но было совсем необязательно, сравним: «il ne marche» – «he doesn't walk» – и «il ne marche pas» – «he doesn't walk a step». В современном французском языке построение отрицания без «pas» невозможно – оно функционирует как служебное слово. Хотя наше исследование посвящено процессам, характерным для английского языка, мы приводим пример из французского, чтобы показать обширность грамматикализации. Она характерна не только европейским или каким-либо иным языкам, но языку как общечеловеческому явлению в целом. Например, западно-африканский язык Mandinka использует вспомогательное слово «sina» для указания на будущее время – аналог «will» в английском языке. Изначально, «si» означает «солнце», а «па» – «приходить», поэтому дословно «sina» – это «солнце приходит». Данное слово так часто использовалось в предложениях о будущем времени, что стало выступать как грамматический идентификатор будущего времени как такового. Отметим, что процесс грамматикализации весьма долог, может исчисляться десятками и сотнями лет. Именно поэтому мы не можем рассматривать данное явление в нашем исследовании; только анализ большого временного промежутка позволяет выделить плоды грамматикализации в языке; мы же ограничиваемся исследованием английского языка только на ультрасовременном этапе.

Что касается процесса «rebracketing», согласно Джону Макуортеру, он характеризуется двумя явлениями: стиранием границ между двумя словами и объединением двух слов в одно. Приведем несколько исторических примеров. В современном английском языке многие прозвища и уменьшительные имена начинаются с буквы «n» – причины этого явления восходят к более древним пластам английского языка, когда слово «мой» – «my» – выглядело как «mīn». Аналогом в современном английском языке является местоимение «mine». При обращении это местоимение часто использовалось, например, «Mine Ellen» или «Mine Ed». Однако в настоящее время в подобных сочетаниях мы употребляем не «mine», а «my», однако исчезнувшее в этом случае «n» стало восприниматься говорящими как часть имени – в результате мы получаем такие уменьшительные имена как «Nelly» или «Ned». Известное по всему миру слово «hamburger» берет свои истоки от сочетания «Hamburger steak», которое прямо указывает на место своего происхождения – город Гамбург в Германии, в переводе – «гамбургский стейк». Однако «ham» –

первая часть названия города – это «ветчина» в переводе с английского языка. Именно поэтому носители английского языка восприняли «burger» как отдельное слово, как какое-то блюдо, приготовленное из ветчины. Из-за этой ошибки появилась новая лексическая единица – «burger», которая часто используется в сочетании с другими словами, например, «fishburger». Слово «alone» наглядно иллюстрирует процесс объединения двух слов в одно – это сочетание «all» и «one», которые настолько часто употреблялись вместе, что преобразовались в единую лексическую единицу [9].

Безусловно, приведенная выше классификация путей создания новых лексических единиц не является исчерпывающей, однако является важной в силу того, что уделяет большое внимание процессу грамматикализации. Традиционно выделяют три основных способа создания новых слов: словообразовательная деривация – образование новых слов из существующих в языке морфем по известным, обычно продуктивным, моделям, то есть по образцу уже существующих в языке слов; семантическая деривация – развитие в уже существующем слове нового, вторичного значения на основе сходства вновь обозначаемого явления с явлением уже известным; заимствование слов из других языков [10]. Изучив и проработав теоретический материал, далее мы представляем таблицу, отображающую многообразие способов создания новых лексических единиц, поскольку многие классификации отличаются неполнотой данных.



Рисунок 1 – Способы создания новых лексических единиц

Данная таблица отражает только способы словообразования; если же затронуть глубинные причины появления новых лексических единиц, мы можем выделить две основные причины: появление новых реалий или изменение жизненных обстоятельств; изменения в процессе функционирования лексических единиц.

Языки постоянно порождают и развивают новый лексический материал, однако зачастую эти процессы происходят слишком медленно. Мы уже отметили, что такое явление, как грамматикализация, занимает десятки и сотни лет, по истечении которых мы можем судить о лексических изменениях в структуре языка. Однако это относится не ко всем явлениям подобного рода. В современном английском языке можно четко отследить появление, функционирование и развитие сотен новых лексических единиц, образованных различными путями.

### Литература

1. Бурвикова Н.Д., Костомаров В.Г. Жизнь в мимолетных мелочах. – Санкт-Петербург: Златоуст, 2006. – 300 с.
2. Гухман М.М., Семенюк Н.Н. О социологическом аспекте литературного языка. – М: Просвещение, 1999. – 280 с.
3. Гухман М.М. Некоторые общие закономерности формирования и развития национальных языков. – В сб.: «Вопросы формирования и развития национальных языков». – М., 1999. – 593 с.

4. Trim J.L. Historical, descriptive and dynamic linguistics. – New York: «Language and Speech», 2000. – 315 с.
5. Макаев Э.А. К вопросу о соотношении фонетической и грамматической структуры в языке. – М: «Уч. зап. 1 МГПИИЯ», 1999. – 565 с.
6. Мартине А. Основы общей лингвистики. – В сб.: «Новое в лингвистике», вып. 3. - М., 1963. – 144 с.
7. Щедровицкий Г.П. Методологические замечания к проблеме происхождения языка. – М: «Филологические науки», 1999, № 2. – 68 с.
8. Поливанов Е.Д. Статьи по общему языкознанию. – М., 1968. – 398 с.
9. John McWhorter. The Story of Human Language, part I. – The Teaching Company Limited Partnership, 2004. – 68 с.

МРНТИ: 14.25.09

**Г.С. Жакупова**

КГУ «Песчанская средняя школа» отдела образования по Бородулихинскому району УО ВКО  
Казахстан, ВКО, с. Песчанка, zhakupova.1971@list.ru

### **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ**

#### **DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF SCHOOLCHILDREN IN LITERATURE LESSONS IN A MODERN SCHOOL**

Ребенок сочиняет... Написал стихотворение, рассказал какую-то неслыханную сказку, выдумал историю. Сейчас по сравнению с советскими временами, явление достаточно редкое среди школьников. Что стоит за этим? Как нам, педагогам, да и родителям также относиться к этим сочинениям?

Обычно встречаются два типовых, если можно так сказать, варианта такого отношения.

...Бабушка десятилетней Саши милая, добрая, во внучке души не чаёт. «Вы знаете, у нее уже целая тетрадка стихов! Она у нас только в рифму говорит. И не думайте – никто ей не помогает, не заставляет, она сама сочиняет. Мне ко дню рождения, маме к Восьмому марта... А читает как выразительно! Такая талантливая!»

...У двенадцатилетнего Руслана тоже есть папка в компьютере. В ней – начало научно-фантастического романа, уже целых шестнадцать глав. Но никто не знает, что печатает он главы романа тайно, он никому не говорит, ни с кем ни делится. Потому что стоит маме застать сына за сочинительством, как слышится: «опять ты этой ерундой занимаешься! Исправь сначала тройку по математике, а потом сочиняй! Писатель из тебя все равно не выйдет, а вот без математики...»

Две крайности: умиление и пренебрежение, возведение первых творческих попыток в ранг таланта и полное отрицание права ребенка на самостоятельное творчество.

Как же найти между ними «золотую середину»?

Надо сказать, что литературным способностям не везет особенно. Даже если родители не уверены в музыкальных способностях, они даже не сомневаются в том, что занятия в музыкальном кружке пойдут им на пользу. И танцы не вызывают в таких случаях возражений. Но вот с литературными способностями дело обстоит иначе. Редко кому из родителей придет в голову предпринимать что-нибудь для их специального развития, так сказать «частным порядком»: есть в школе такой предмет – литература. Вот там пусть способности и развивают. Как учитель русского языка и литературы я очень часто сталкивалась с такой позицией родителей.

Далее, с первых же творческих попыток ребенка родители почему-то склоны видеть в ребенке будущего поэта. Потому и стремятся вынести приговор сразу – или в таланты или в «бездари».

Но справедливо ли это?

Еще в 30-годы талантливая педагог М.Н. Рыбникова кратко сформулировала путь и цель творческого обучения: «от маленького писателя к большому читателю»

Возьмем хотя бы самую практическую, бытовую сторону проблемы. Кому не приходится быть постоянно читателем, даже в наше время писать уже не письма, а смс-ки и письменно



общаться с близкими и друзьями на расстоянии, убеждать друг друга в чем-то, отстаивать в споре свою точку зрения, готовить выступления, статьи, мастер-классы, доклады, коучинги, презентации? И если честно: хорошо ли мы справляемся с этими малыми задачами, от решения которых порой многое зависит в нашей жизни? Не слишком ли часто, решая их, мы наталкиваемся на невидимый барьер, заслоняющий от нас ясные, краткие и точные слова в письменной речи. Кому не приходилось переживать страх, не позволяющий оторваться от текста с докладом или от текста в презентации? Где, и когда, мы потеряли так остро ощущаемую каждым, индивидуальность речи. Особенно сейчас, в наше время. Была ли она вообще, эта индивидуальность? И не являются ли наши взрослые трудности следствием неразвитости наших литературных способностей? Потому что и личная переписка, и содержательный доклад, и острый спор, построенный на убеждении и рассуждении, – это, конечно же, творчество – каждодневное, незаметное, но, может быть и особенно значимое поэтому.

И для того, чтобы каждый человек был готов к нему, творческие литературные способности должны развиваться у каждого ребенка.

А если так, то и отношение к детскому сочинительству следует определить однозначно: его следует поощрять и поддерживать, не ставя в зависимость от того, получится, по-нашему мнению, из ребенка литератор или нет. Более того, нужно, чтобы и те дети, которые не пытаются сочинять по собственной инициативе, с помощью нас, то есть учителей, прошли школу литературного творчества, ощутили все его трудные радости, сделали первые шаги к самовыражению в слове. Таких детей немного, но они есть.

Конечно, когда поощряем творческие способности детей, то должны всегда помнить, что многое из того, что они сочиняют, имеет так сказать субъективную ценность, значимо только для самого сочиняющего и разве что для близких ему людей, для которых немудреные его стихи и рассказы – знак роста, окошечко в усложняющийся детский мир. Часто это только игра в творчество, еще чаще – подражание известному образцу, понравившемуся юному автору. В этом смысле можно говорить об известной вторичности детского творчества, об отражении в нем того слоя художественной литературы, который осваивает ребенок в том или ином возрасте. Поэтому, например, младшие школьники сочиняют почти исключительно стихи и сказки, причем делают это с удовольствием, особенно в пятых, шестых классах. Старшие школьники – почти все лирики.

Настоящее художественное творчество, творчество, нужное не только самому творящему, но и значимое для других, начинается не с подражания, а со сложного процесса самостоятельного видения, самостоятельной оценки того, что никем еще не оценивалось, точнее так не оценивалось.

Потребность сочинять чувствуют многие дети. Как помочь им?

Прежде всего помнить – умение, скажем, легко рифмовать еще не талант, а только одно из самых маленьких слагаемых таланта. Поэтому разумно умерить свои восторги и ожидания по поводу складных строчек и вдуматься поглубже в их содержательную сторону. Скорее всего, литературное творчество ученика имеет пока субъективную, а не объективную значимость. Соответственно этой значимости и нужно к нему относиться: внимательно, но, не предсказывая не только великого литературного будущего, но и литературной профессии. Однако, трезво оценивая произведения маленького автора, важно поддержать в нем огонек творчества, даже если он, по нашему мнению, не станет пламенем таланта. Хорошо, если мы, педагоги, сумеем не только убедить ребенка в ценности и необходимости негромкого творчества для «себя», но и создать условия, убеждающие его в этом. Выступление на небольшом внеклассном мероприятии, на школьном концерте, стенд со стихотворениями учеников – это и желанная встреча с читателем и слушателем, и значимый результат, без ориентировки на который сохнет и вянет любое творчество.

Внимательной, спокойной заинтересованности педагога часом бывает достаточно, чтобы утолить «авторские чувства» ученика. Если же интерес к литературному творчеству у него со временем растет и перерастает игру в «творчество», мы стараемся помочь ему, давая консультацию и занимаясь его подготовкой к различным литературным конкурсам. Каждый год ученики нашей школы участвуют и участвовали в республиканских, областных, районных и школьных конкурсах, посвященных творчеству А.А. Пушкина, М. Жумабаева, восточно-казахстанских поэтов, в частности, М. Чистякова. Они пишут о Казахстане, о родном селе, о творчестве поэтов, о своих прадедах, погибших в ВОВ.

Нужно понимать, что далеко не все педагоги и родители в силах руководить творческим развитием ребенка, но есть и другое, не менее важное условие того, чтобы раскрылись его

способности. Это благожелательный интерес и уважение к его творчеству, и это условие может и должно быть обеспечено ребенку в каждой семье и каждой школе.

### Литература

1. Мир детства/Под ред. А.Г. Хрипковой. – 2-изд. доп. – М.: Педагогика, 1988. – 272 с.
2. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Т1. СПб, – 1996.
3. Гуковский А.Г. Поэтика. – Сборник статей. – Л., – 1928.
4. Русские писатели о литературе, Том 3. – Л., – 1955.
5. @2000-2017 Ежедневный познавательный журнал. Школа жизни.ru.

МРНТИ: 14.07.07

### М.Ж. Махмутова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Қазақстан, Семей қаласы, makhmutova9898@mail.ru

## ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### THE EFFECTIVENESS OF USING PROBLEM-BASED LEARNING METHOD IN THE LEARNING PROCESS

Проблемалық оқыту проблемалы жағдайлар жасау арқылы білім алушылардың ойлау және мінез-құлық механизмдерін қосуды ұйымдастыру бойынша педагогтың мақсатты іс-әрекетін қамтамасыз ететін тәсілдер жүйесі болып табылады. Проблемалық оқыту деп әдетте оқу мақсатында дәйекті түрде құрылатын проблемалық жағдайларды шешу түрінде өтетін оқыту түсініледі.

Проблемалық оқыту негізгі үш түрде жүзеге асырылады:

- оқытушының дәрістердегі материалды проблемалық баяндауы (проблемалық дәрістер);
- семинарлық және зертханалық сабақтарды өткізу кезінде оқытушының қатысуымен студенттердің ішінара-іздістіру қызметі;
- рефераттар, курстық жұмыстар, дипломдық жобалар жазу кезінде, сондай-ақ студенттердің ғылыми үйірмелерде, салалық зертханаларда зерттеу жұмыстарын орындауы кезінде оқытушының басшылығымен студенттердің өз бетінше зерттеу және проблемалық жағдайды шешуі.

Психологиялық тұрғыдан алғанда проблемалық жағдай туындаған немесе ұсынылған міндетті шешу үшін қажетті білімдердің арасында сәйкессіздіктен, келіспеуден туындайтын анық ұғынылған қиындық болып табылады. Проблемалық оқытудың психологиялық негізі ретінде С.Л. Рубинштейн «ойлау проблемалық жағдайдан басталады» [1] деген тұжырымдама берген. Ол белгілі бір жағдаятты жасайтын белгілі бір жағдайлар мен мән-жайлармен ұштастыра зерделеуді, кеңейтуді, зерттеуді талап ететін күрделі теориялық немесе практикалық мәселені қамтиды.

Проблемалық оқыту деңгейі оқу материалының мазмұнына (қиындықтардың әр түрлі дәрежесіндегі проблемалық жағдайларды жасау мүмкіндігінің болуы) және студенттің өзіндік іс-әрекетінің түріне байланысты. Осы белгілер бойынша мамандар проблемалықты заңды түрде төртке бөледі:

- 1) репродуктивті іс-әрекетті негіздейтін деңгей;
- 2) бұрынғы білімдерді жаңа жағдайда қолдануды қамтамасыз ететін деңгей;
- 3) репродуктивті-іздеу деңгейі;
- 4) шығармашылық деңгей.

Проблемалық оқытудың негізін американдық психолог, философ және педагог Дж. Дьюи қалаған. Ол 1894 жылы Чикагоның практикалық мектебінде оқыту негізін оқу жоспарымен емес, ойындар мен еңбек қызметін құру арқылы жүзеге асырды. Осы мектепте қолданылған оқытудың әдістері, тәсілдері, жаңа принциптері теориялық тұрғыдан негізделмеген және тұжырымдама түрінде тұжырымдалмаған болса да ХХ ғасырдың 20-30 жылдары кеңінен тарады. Сонымен қатар проблемалық оқыту теориясын М.И. Махмутовтың және басқа да бірқатар авторлардың Ю.К. Бабанский, Т.В. Кудрявцев, И.Я. Лернер, Дж. Брунер, В. Оконь, Т. Новацкий, Х. Вектін еңбектерінде зерттелген.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М.Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [2].

Проблемалық оқыту тұжырымдамасын түсіндірудің бірнеше жолы бар деуге болады. Проблемалық оқыту – бұл проблемалық жағдайларды ұйымдастыру, проблемаларды қалыптастыру, білім алушыларға мәселелерді шешуге қажетті көмек көрсету, осы шешімдерді тексеру және, соңында, алынған білімді жүйелеу және бекіту процесіне басшылық ету сияқты әрекеттердің жиынтығы.

Проблемалық оқыту – бұл дамыта отырып оқытудың түрі, оның мазмұны әртүрлі күрделілік деңгейіндегі проблемалық тапсырмалар жүйесімен ұсынылған, оларды шешу барысында білім алушылар жаңа білім мен әрекет тәсілдерін меңгереді, ал бұл арқылы шығармашылық қабілеттерін: өнімді ойлау, қиял, танымдық мотивация, зияткерлік эмоциялар қалыптастыру болады.

Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін ғана емес, сонымен қатар осы нәтижелерді алу жолдарын, процесін меңгеру, ол сонымен қатар студенттің зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық және басқа да салаларын қалыптастыру мен дамытуды, оның жеке қабілеттерін дамытуды қамтиды, яғни проблемалық оқытуда білім алушылардың ғылымның дайын қорытындыларын трансляциялауға емес, жалпы дамуына баса назар аударылады.

Проблемалық оқыту процесінде оқытушы дайын білімді хабарламайды, ол студенттердің алдына проблема қоя отырып және оған деген қызығушылықты ояту арқылы оларды шешу үшін құрал табу ниетін тудырады. Проблемалық оқыту әдістері білім алушылардың эмоционалдық саласына да оң әсер етеді, олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға көмектеседі және шығармашылық ойлауының дамуы үшін қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, мәселелерді көре білу, сұрақтар қою, гипотеза қою, ұғымдарға анықтама беру, бақылау және эксперимент жүргізу, қорытынды және ой-пікірлер жасау, материалды жіктеу және құрылымдау, мәтінмен жұмыс істеу, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау, өз бетінше танымдық іс-әрекетке қабілеттілік, тез өзгеретін әлемде табысты болу және т.б. сияқты білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі.

Проблемалық оқытудың басқа оқыту әдістерінен бірден бір ерекшелігі: оқу мақсаттарының бірнешеуіне бірден қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтсам:

- білім алушылардың қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық ойлауды дамыту;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- өзін-өзі оқытуды дамыту;
- зерттеу белсенділігін қалыптастыру.

Білім алушылардың ынта-жігері мен құмарлығын және ақыл-ой іс-әрекетін толық жандандыру үшін, пән сабақтарын проблемалық тұрғыда жүргізгенде ғана жетуге болады. Проблемалық тұрғыда оқытудың маңызы, дайын материалға көңіл қойып, тек соны меңгеріп, есте сақтап қана қоймайды, сонымен қатар білім алушы оқытушымен бірлесе қосылып немесе жеке өзі проблемалық ситуацияның өз білімі мен іскерлігін пайдаланып, логикалық таным жүйесіндегі үлеспеушіліктерді шешуге үйренеді. Проблемалық оқытудың кез келген әдістері білім алушылардың ынта-жігері мен құмарлығын оятып ой-өрісінің көлемін ұлғайтады, сезім әрекетін және оның ой-өрісінің басқа түрлерін дамытады. Кез келген ғылым мен білімді меңгеру үшін, дайын немесе белгілі әдісті, қорытындыны беру ғана емес, оларға шешімін табатын тапсырманың қойылуы мен оның проблемаларын түсіндіруден басталуы және оны дағдыға айналдыруы керек.

Абай ағамыз ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Проблемалық оқыту әдісі білім алушыларды өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалмен ұштастыра білуге үйретеді. Ойланбай білім бойға дарымайды. Дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер баланың алдына мақсат қойып, нәтижеге жетуге жетелейді. Білімді меңгеру тек қана заңдылықтарды, ережелерді есте сақтау арқылы емес, өздері логикалық талдау жасай отырып, алған білімдерін орынды пайдалана білгенде ғана жүзеге асады.

Әр сабақ сайын ізденімпаз білім алушы кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблема, сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануды қамтамасыз етеді. Студенттер мен оқушыларды тек ізденуге, қорытынды жасауға ғана үйретіп қоймай, өзгеше тың пікір айта білуге үйретеді. Проблемалық міндеттерді шешу нәтижесінде алынған білім түпкілікті меңгеріледі,

өйткені білім алушылар оларды дайын күйінде емес, өз бетінше өндірген. Проблемалық материал талдау қабілетін, өз көзқарасын дәлелдей білу, яғни пікірталас жүргізу қабілетін дамытады.

Қорытындылай келе, проблемалық оқыту – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын іс-әрекеттердің жүйелі жиынтығы және ол білім алушылардың жалпы дамуының тиімді құралы болып табылады. Оның «проблемалық» деп аталуы да сол, себебі білім алушылар барлық оқу материалын меңгеру арқылы ғана өз бетінше проблемаларды «шешеді». Бұл жерде мұғалімнің түсіндірмесі де, білім алушылардың репродуктивті қызметі де, тапсырмаларды қою және жаттығуларды орындау да бар. Бірақ оқу процесін ұйымдастыру проблемалық принципке негізделеді, ал оқу мәселелерін жүйелі түрде шешу – оқытудың осы түрінің сипаты белгісі. Бұл ретте барлық әдістер жүйесі оқушының жалпы дамуына, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталғандықтан, проблемалық оқыту шынайы дамытушы оқыту болып табылады.

### Әдебиеттер

1. "Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі" әдістемелік нұсқаулық, Алматы, 2019 ж.
2. "Проблемалық оқыту технологиясы"(электронды ресурс <https://agartu.com/997-problemaly-oytu-tehnologiyasy.html>).

МРНТИ: 14.25.07

**Г.А. Жумадилова, Г.Ж. Оспанова**  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»  
Казахстан, г. Семей, zhumadil\_g@mail.ru

## МЕЖДИСЦИПЛИНАРНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ

### INTERDISCIPLINARY INTEGRATION IN EDUCATION

Целостное восприятие мира основывается на основе комплексного подхода к познанию, на установлении интеграционных связей, на осуществлении междисциплинарного подхода к образовательному процессу, на взаимосвязанном изучении отдельных направлений наук и искусства.

Понятие междисциплинарного обучения известно еще с античных времен, оно затрагивалось известными философами и педагогами и в более позднее время. Вопросы взаимодействия человека и окружающего мира, взаимосвязь его многосоставных процессов издревле находили место в работах философов Демокрита, Пифагора, Платона и др. Так, для Аристотеля окружающий человека мир – это и есть то, что познается, изучается и благодаря чему достигается познание общего.

Значительную роль в развитии теории междисциплинарного подхода сыграли труды Дж. Дьюи, Дж. Локка, И.Г. Песталоцци, Ж.-Ж. Руссо.

Актуальность в современном образовании приобретают мысли педагога и мыслителя 17-го века Я.А. Коменского, который в книге «Великая дидактика» подчеркивал, что «все находится во взаимной связи, должно преподаваться в такой же связи» [1].

Проблема междисциплинарности в образовании начинала рассматриваться уже в середине XX века. Значительным этапом развития междисциплинарного подхода становятся идеи, рассматриваемые в исследованиях по психофизиологии человека, отразивших взаимозависимость психической и практической деятельности человека.

Первым широкомасштабным практическим опытом организации обучения на междисциплинарной основе явилась советская трудовая школа, у истоков которой стояли Н.К.Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий и др.

*Интеграция* (в системе) – это восстановление и (или) повышение качественного уровня взаимосвязей между элементами системы, а также процесс создания из нескольких разнородных систем единой системы с целью исключения (до технически необходимого минимума) функциональной и структурной избыточности и повышения общей эффективности функционирования [2].

Интеграция – это объединение в целое каких-либо частей, элементов (Противоположное – дезинтеграция, дифференциация).

Интеграция и дифференциация – это две стороны одного процесса познания.

Под интеграцией в широком смысле понимают процесс становления целостности. Определение интеграции как процесса взаимопроникновения означает не растворение одного в другом, а их единство, то есть сохранение взаимодействующих систем и налаживание между ними взаимных контактов.

В философском понимании это «суть объединение компонентов на основании внеположенном каждому из них». (А.П. Валицкая). Это основание выступает целью, достижение которой невозможно отдельным компонентом, но реализуется ими совместно. Интеграция дает такую целостность, качества которой несводимы к сумме ее составляющих.

Интеграция – это «понятие, означающее связь отдельных (дифференцированных) частей, процесс становления системы; процесс взаимодействия, в результате которого рождается новая целостность, не сводимая к сумме ее частей» [3].

Применительно к системе обучения "интеграция" как понятие может принимать два значения:

во-первых, это создание у обучаемых целостного представления об окружающем мире (здесь интеграция рассматривается как цель обучения);

во-вторых, это нахождение общей платформы сближения предметных знаний (здесь интеграция – средство обучения).

Идея междисциплинарной интеграции получила свое дальнейшее развитие в 80-е годы прошлого века. В педагогический лексикон вводятся понятие «межпредметные связи», а затем – «межпредметная интеграция», «интегрированный учебный курс», «интегрированный учебный процесс», которые в дальнейшем получили обоснование в работах В.Г. Буданова, В. Каган, К.Г. Кречетникова, Н.И. Резника, Н. Чебышева и др.

Междисциплинарная модель обучения основана на исследованиях в области *межпредметной интеграции*, связанной с поиском содержания, методов и средств обучения, позволяющих осуществить перенос полученных знаний и умений в другую сферу. Роль междисциплинарных связей закреплена общедидактическим принципом междисциплинарных (межпредметных) связей в обучении, который подразумевает согласованное изучение теорий, законов, понятий, методов познания и методологических принципов, общих для родственных дисциплин [4].

В последние десятилетия междисциплинарное обучение становится все более популярным как в сфере основного, так и высшего образования. На многих дисциплинах обучения существует множество поднаправлений, вместе с развитием науки и техники размываются границы между отдельными науками, а также на рынке труда все более и более востребованными становятся специалисты, способные гибко адаптироваться к происходящим изменениям. Все это требует междисциплинарного подхода, предполагаемого связь гуманитарного, естественно-научного и эстетического циклов.

Всю историю развития междисциплинарной интеграции в образовании можно разделить на три основных *этапа*: первый этап – использование комплексных программ обучения; второй этап – теоретическая разработка междисциплинарных связей; третий этап – практика междисциплинарной интеграции. В нашей республике данная проблема в основном ограничивается методическими разработками из опыта работы педагогов. Однако в основе программ обновленного содержания образования лежит *междисциплинарный подход*, включающий в себя размытие границ между традиционными учебными предметами и обучение в рамках более общих тем или направлений, а не учебных дисциплин. К примеру, обучение языку (любому) может объединяться с обучением географии, истории и литературы данной страны, разные предметы могут объединяться в общих темах.

Междисциплинарная модель обучения основана на исследованиях в области *межпредметной интеграции*, связанной с поиском *содержания, методов и средств* обучения, позволяющих осуществить перенос полученных знаний и умений в другую сферу.

Интеграция в образовании идёт по нескольким направлениям и на разных уровнях: *внутрипредметный и межпредметный уровни*.

Внутрипредметные связи могут быть между разделами предмета. Например, между разделами языка. Формируется представление о языке как системе. Межпредметная интеграция осуществляется между предметами одного или нескольких циклов, их разделов и имеет общим основанием построение целостной картины мира, соответствующей возрастным особенностям обучающихся. На сегодня наибольший интерес представляет новая стадия развития интеграции в

образовании. Это не просто соединение близких понятий из разных предметов для прочных знаний, это объединение разных предметов при изучении одной темы, целого блока тем в одно целое на основе общего подхода. Междисциплинарная интеграция способствует преемственности в обучении.

Изучение языковых дисциплин должно способствовать формированию не только предметных умений, языковой компетенции, но и общеучебных, интеллектуально-речевых умений, т.е. культуры познавательной деятельности так необходимой выпускнику школы для качественного овладения выбранной специальностью. Названные умения формируются на уроках русского и др. языков на текстовой деятельности через изучение грамматического материала и межпредметного лексического материала при одновременном осуществлении внутриязыковых, межъязыковых и межпредметных связей. В процессе такой работы реализуется принцип межпредметной интеграции, суть которого состоит в общеучебном характере интеллектуально-речевой деятельности.

В условиях полилингвального образования на основе интеграции языковых дисциплин реализуется интеграция частных предметных методик в процессе поиска общих содержательных оснований. Его последовательное применение обеспечивает «эволюционную смену традиционной предметно-урочной организации школьной жизни гибкой, личностно ориентированной системой превращения информации в знание» [5], что в свою очередь служит основой формирования полилингвальной поликультурной личности.

Задача обучения школьников языку как системе средств общения и реализация этой системы в фактическом процессе речевой деятельности представляется сложной и многоаспектной и может быть решена в процессе формирования интеллектуально-речевой культуры, предполагающей познавательную деятельность, основанную на интеграции учебных предметов.

Под *интеграцией учебных предметов* в условиях перехода к обновлению содержания среднего образования можно понимать создание образовательной среды, способствующей формированию «целостной картины мира в соответствии с возрастными особенностями обучающегося при наличии общеучебного характера интеллектуально-речевой деятельности, не зависящей от конкретного учебного предмета и ориентацию содержания каждого учебного предмета на общее представление о содержании и структуре школьного образования» [6].

*Междисциплинарная интеграция* в образовании – это целенаправленное усиление связей учебных дисциплин при сохранении теоретической и практической их целостности. Она расширяет образовательное пространство, создает виртуальную учебную междисциплинарную лабораторию, в которой обучающийся, многократно применяя знания по каждой дисциплине за рамками самой дисциплины, в новых условиях, развивает умения применять знания в профессиональной деятельности.

Таким образом, междисциплинарная интеграция в образовании основана на взаимопроникновении содержания разных учебных дисциплин и создании единого образовательного пространства, обладающего целостным потенциалом развития с помощью использования инновационных педагогических и дидактических методов и организационных форм обучения и формирования компетенций.

### Литература

1. Ян Амос Коменский. Избранные педагогические сочинения. – М., Учпедгиз, 1955.
2. Проблема интеграции междисциплинарных знаний [studopedya.ru/2-23858.html](http://studopedya.ru/2-23858.html)
3. Валицкая А.П. Метаметодический подход: конфликт интерпретаций/ Метаметодика как перспективное направление развития частных методик (Материалы Второй Всероссийской научно-практической конференции 1-2 декабря 2004 г.) – СПб, 2005.
4. Шпков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы. М.: Издательский центр Академия, 2001. 136 с.
5. Валицкая А.П. Метаметодические основания конструирования образовательного процесса культуротворческого типа//Гуманизация образовательной среды изменяющейся школы (средствами интеграции предметных методик обучения): Сб. научных статей. – СПб.: изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2005. – С. 3-8.
6. Суворова Е.П., М.П. Воюшина, Е.А. Купирова. Формирование интеллектуально-речевой и читательской культуры школьников: междисциплинарный подход: Научно-методическое пособие. СПб.: ООО «Книжный дом», 2008. – 248 с.

**Ш.С. Кеңесбаева**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Қазақстан, Семей қаласы, shynar.k.s@mail.ru

**АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ**

**NATIONAL CHARACTER IN AKSELEU SEIDIMBEK PUBLICISTICS**

Қазақтың көрнекті қаламгері, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің қазақ ұлтының рухани да, қоғамдық та өмірінде орны ерекше.

Ұлттық журналистиканың дамуына ықпал етіп қана қоймай белгілі бір мөлшерде тарлық еткен кеңестік жүйе тұсында мақалаларымен қазақ рухын көтерген А. Сейдімбектің қазақ публицистикасына қосқан қомақты үлесін бүгінгі күн мінберінен жүйелеп қарастыру мақаланың өзектілігі болып табылмақ.

А.Сейдімбектің публицистикасындағы ең маңызды тақырып – қазақ ұлтының тәуелсіздігі, егемендік іргесінің берік қалануы, қазақ руханияты тарихы, қазақ ділі, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің биік болуы. Шынында да ұлт руханиятының мерейін үстем ету жолындағы күресте шаршамай, талмай еңбектенді.

Жазушы, зерттеуші Мырзақелді Кемел «Ақселеу асуы» атты танымдық еңбегінде: «Ақселеу Сейдімбектің жанры алуан стильге толы. Мұнда дала әңгімелері де, қорғандар мен діндер аңыздары да, күй шежіресі де, қазақтың ауызша шежіре-тарихы да, жүз-тайпа-ру таралымдары да, ертектер де, мақал-мәтелдер мен қазақ болмысын ашып көрсететін аңызға бергісіз бастан өткенді әңгімелеу де, қара өлең де, естеліктер де, аудармалар да бар», – деп жазады.

«Адамның адам болуы үшін өскен ортасының әсерін ешбір тәрбиемен теңестіруге болмас. Бұл орайда тағдырыма мың да бір шүкірлік етемін. Менің балалық шағымда біздің ауылдың болмыс-бітімі (салты, дәстүрі, діні, ұлттық ойын-тойы, саятшылығы, көшпелі өмір-салты...) әлі дәстүрлі қалпында болатын...» деп жазады өмірдерегінде.

А. Сейдімбек 1961 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсіп, 1968 жылы журналистика факультетін бітіріп шықты. Студенттік жылдары тарих, философия, мәдениеттану, этнология, фольклортану салаларына ынта-ықыласпен ден қойған, жүйелі білім алып шығуды мұрат тұтқан жылдар болды.

Сонымен бірге ол университеттің «Журналист» газетін шығарушы алқаның және М. Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің мүшесі, «Қайнар» қолжазба журналының бас редакторы, Москвадағы қазақ жастары құрған «Жас тұлпар» атты мәдени қозғалыстың Қазақстандағы өкілі болып, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарға сергек араласа бастайды.

А. Сейдімбек университетті бітірген соң, 1968-1987 жылдар аралығында облыстық және республикалық баспасөз орындарында әдеби қызметкер және «Лениншіл жаста» меншікті тілші, «Орталық Қазақстанда» жауапты хатшы, «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газеттерінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, «Білім және еңбек» (кейіннен «Зерде» аталған) журналында және «Әлем» альманағында бас редактор болып қызмет етті.

Ш. Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің редакторы болып тұрған кезде А. Сейдімбекті, Ф. Оңғарсынованы және М. Шахановты шақырып алып, үшеуін бір бұйрықпен, бірін – Батыс Қазақстан облыстары бойынша, бірін – Оңтүстікке, Ақселеуді – Орталық Қазақстан облыстары бойынша меншікті тілші етіп жіберген екен. Көреген жазушының тандауы теріс болмапты, кейіннен осы үшеуі де қазақтың намысын қорғауға бел шеше кіріскен, әрқайсысы әр түрлі жолдармен қазақ рухын көтеруге атсалысқан азаматтар болды [1].

Ақселеу сол газет-журналдардың беттерінде мыңнан астам сүбелі мақала жазған белді журналист дәрежесіне жете жүріп қызметке басым араласқан жылдарынан бастап-ақ әңгіме-повестер жазыпты.

Баспасөз беттеріндегі күн құрғатпай жарияланып жататын мақалаларына қоса, бұл жылдары А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестері «Ақиық» (1972), «Қыр хикаялары» (1977), «Тауға біткен жалбыз» (1979), «Аққыз» (1981), очерктері «Кеніш» (1979), «Серпер» (1982) деген атпен жеке кітап болып жарық көреді. Ұлттық-этнографиялық бояуы қанық әңгімелері мен повестері орыс, қырғыз, өзбек, эстон, чех, неміс, ағылшын тілдеріне аударылады.

«Тәтті тіршілік», «Қақпашы», «Зерде», «Табысу», «Ақиық», «Күзеуде», «Қыз ұзатқан» атты әңгімелері мен хикаяттарын сол кездегі әдебиет сүйгіш оқырман жылы қабылдаған.

«Кеніш» кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты болып, бірінші сыйлықпен марапатталады. Публицистің 1981 жылы жарық көрген «Күнгір-күнгір күмбездер» атты ғылыми-көпшілік кітабы қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында біртұтас құбылыс ретінде қарастыруымен, тарихи-этнографиялық дерегінің молдығымен, әсіресе, ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тың тұжырымдарымен оқырман назарын аударған еңбек болды. Бұл кітап 1985 жылы «Поющие купола» деген атпен Е. Қажыбековтың аударуында орыс тілінде жарық көрді.

Жазушы-ғалым кезінде танымдық-этнографиялық, тұлғаларға арналған көптеген очерктер де жазған. Оның қаламынан әр жылдары «Қорқыт», «Әбу-Насыр Әл-Фараби», «Қарабура», «Махмұд Қашқари», «Уәлиханов Шоқан», «Парасатқа іңкәрлік», «Менің Жәнібегім», «Суреткер», «Жез таңдай», «Илья Жақанов туралы сөз», «Пассионар», «Көшпелі өмір салттың сүт кенжесі», «Ойсылқара», «Сәйгүлік», «Бүркіт» атты очерктер туған.

Әлем әдебиетінің әйгілі туындысы, Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты эпикалық поэмаларын қазақ оқырманына таныстыруға алғаш талпыныс жасаған – А.Сейдімбек. Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленген нұсқасын қазақ тіліне аударып, еңбек 1974 жылы жеке кітап болып жарық көреді.

Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленуі және оның оқырман көңілінен шығуы А.Сейдімбекке ой салады. Сөйтіп, 1979 жылы оның «Алпамыс батыр» атты кітабы жарық көреді. Қазақтың эпикалық қарымы кең, поэтикалық қуаты тегеурінді жыр-дастандарын насихаттау мақсатынан туындаған бұл еңбегі эпосты қара сөзбен баяндаудағы алғашқы бастама еді.

А.Сейдімбектің «Алпамыс батыр» кітабы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет қайта басылып, эстон, чех, неміс тілдерінде жеке кітап болып шықты.

Сол сияқты, А.Сейдімбектің аударуындағы жарық көрген И.Можейконың «7 және 37 керемет» («7 и 37 чудес») (1988) атты кітабы да, оның аударма саласында тындырған толымды еңбегі. Бұл кітапта Азия, Африка елдерінің әлемдік кереметтер санатына жататын ғажайып мәдени ескерткіштері мен айтулы өнер туындыларының өзіндік ерекшеліктері және олардың дүниеге келу тарихы қызықты деректермен жан-жақты баяндалған.

А. Сейдімбектің публицистикалық шығармалары «Қарт пен канал», «Сонар», «Алғашқы адымдар», «Қарлығаштар», «Ат шаба ма, бап шаба ма?», «Өмір, мен саған ғашықпын», «Тың тарланы», «Ақша қар жауған күн», «Өмір арнасы», «Екібастұздың бүгінгі мен ертеңі», «Шәмілдің «Шайтан көлі» кезінде қазақ қоғамында едәуір серпіліс әкелген шығармалар болды.

Тәуелсіздік жылдары Ақселеу ұлтының ұпайын түгендеуге аянбай атсалысып, қазақтың ежелгі елдігін, байырғы мемлекеттігін, қабырғалы халық болғандығын бұлтартпай, дәйекті деректер арқылы баяндаған ғылыми мақалаларын үзбей жариялады.

А. Сейдімбек 1987-1997 жылдар аралығында ғылыми жұмысқа біржола ден қойып, теориялық білімін одан әрі тереңдетіп, әсіресе қазақ халқының әлі де болса игерілмей жатқан фольклорлық мұрасын жинау, зерттеу, жариялау жұмыстарымен бел неше айналысады. Қаламгердің айтуынша, 80-жылдардан бастап-ақ көркем әдебиетпен айналысудан саналы түрде бас тартып, ұлттың тарихын, этнографиясын, мәдениеті мен өнерін зерделеуші ғалымдық жолға түсіпті.

Өз сөзі: «Мен жазушылықтан саналы түрде бас тартқан адаммын. Қазіргі заман біздің халықты көркем шығармамен жұбататын, дәлірек айтқанда, авторлық қиялдан туған әдемі сөзбен әлдилейтін кез емес. Меніңше, көркем шығарма жазу болып-толған елдердің айналысатын шаруасы... Біздің қазаққа көркем шындықтан гөрі қатқыл өмір шындығы көбірек керек. Өйткені біз өзіміз туралы ақиқатты айта алмай келген, тарихқа есеміз кеткен халықпыз» [2].

Ә. Кекілбаев журналистік-жазушылықтан зерттеушілікке бет бұрған Ақселеу туралы: «Ақселеудің бұл салада да бітіргені шынымен сүбелі, шынымен қадірлі. Ол қазақтың қалжыңдарынан қара өлеңіне, киімінен күйіне, сайқымзақтарынан салтына, ғұрыптарынан құлықтарына, саясатшылығынан саятшылығына, тағамдарынан тарихына дейінгіден ештеңе қалдырмай ерінбей зерттеп, ежіктей талдап келеді... Қайткенде де Ақселеу қазіргі тірлігімен байырғы қазақ дүниесін алшаң басып асықпай аралап, байыппен бажайлап, сабырмен саралап келе жатқан «этнография академиясы» сияктанып елестейді» деген-ді.

Танымдық тұрғыдан ерекшеленетін «Ойтолғақ», «Сонар» кітаптарының заңды қорытындысы сияқты «Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау» атты туындысы бүтін бір ұлттың этнографиясына және мәдениетіне, төл тарихы мен фольклорына – бүтін рухани әлеміне байыппен тоқтап, орнықты ойлары мен пайымдарын ұсынады.



Ақселеу «Білім және еңбек» журналында жүргенде Т. Жұртбайға: «Мен саған бір ақыл айтайын. Осы көркем шығарма дегенің бос сөздің желқабызы екен. Мен қойдым, сен де қой. Халыққа түк пайдасы жоқ. Одан да құрып бара жатқан еліміздің руханиятын құтқаратын ғылыми-көпшілік жанрға көш. Мен көркем кітаптарымының барлығын таратып жатырмын», – депті.

Көркем шығарма жазумен айналысуды саналы түрде қойып, зерттеушілік жолына түскен себебі десе боларлық мына сөздерді Ақселеу өз күнделіктерінде жазып қойыпты: «Қалай десек те, суреткер қиялынан туған көркем шығарма дүниені өзгертуге келгенде ең дәрменсіз тірліктердің бірі болып қала береді. Бейнелеп айтсақ, көркем шығарма – қарны ашқан балаға тамақ берудің орнына ойыншық бергендей ғана гәп».

А. Сейдімбек кандидаттық, докторлық диссертация жазу барысында жұмысына қажет құжаттар іздеп кітапханаларға үш-төрт-ақ рет барғанын, қалған кезде үйінде жинаған бай кітапханасын пайдаланғанын айтады.

Өз сөзі: «Менің түсінігімде адамзат өркениеті бір құдіретке қарыздар болса, ол алдымен – кітап. Мен үшін кітап – құл емес, ол – қолғанат, дос, өмір сүруім үшін керекті ең басты қаруым. ...Нәтижесінде, менің кітапханам осы уақытқа дейін төрт-бес рет сұрыптаудан өтті. Ең ақырында, мен тоқтаған ізденіс аясы – тарихи-филологиялық сала ғана болып шықты. Қазір менің үйімде 10000-нан астам кітап бар. ...Мен үшін кітап жинау әуезелік мақсат емес. Кітап жинау – шығармашылық өмір-салтымның ең негізгі өзегі. Шығармашыл адам ретінде жоспарларымды жүзеге асыруда ең бір сенімді де адастырмайтын қаруым – кітап» [2].

А. Сейдімбек 1989 жылы «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Қазақтың қара өлеңі халық арасына ең бір кең тараған, ел ішінде туындауын күні бүгінге дейін тоқтатпаған, өмір бейнелегіш және өмір реттегіш қасиеті аса тегеурінді, поэтикалық болмысы мейлінше төлтума, көпшілік қолды, демократияшыл жанр ретінде тұңғыш рет арнайы зерттеу объектісіне айналады, сөйтіп, төл сипаты ғылыми байсалдылықпен сараланады [3].

Сонымен бірге, А.Сейдімбек жинаған қара өлең нұсқалары екі том көлемінде қазақтың фольклорлық мұрасын толықтырды (Қолжазба орталығы, № 898 папка).

А. Сейдімбектің өнер және өмір туралы, өнердің төлтумалылығы жайында, әсіресе, халықтың тарихи тұлғасын айғақтайтын мәдени-рухани үрдіске қатысты жазылған «Сонар» атты ғылыми-көпшілік кітабы 1989 жылы жарық көреді. Бұл еңбегі үшін Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты атағы беріледі.

Әрі тарихи зердені, әрі музыкалық біліктілікті, әрі филологиялық пайымдауды қажет ететін қазақтың синкретті бітімдегі мол мұрасын жинауда, зерттеуде және халықтың рухани игілігіне айналдыруда А. Сейдімбек тұңғыш рет кешенді зерттеулер жүргізіп, нағыз ғалымға лайық табандылық таныта алды. Осы мәселелерді саралай отырып, ол 1997 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Күй өнеріне қатысты А. Сейдімбектің ғылыми ізденісі докторлық диссертация қорғауымен тынған жоқ. Ұлттың рухани әлемінде күй өнерінің айырықша орнын терең сезінген ол тынымсыз іздене жүріп, тақырыпқа тікелей қатысы бар әлемдік аядағы айғақ-деректерді ерінбей жинайды. Байырғы көшпелілердің музыкалық мәдениетіне қатысты грек, рим, араб, парсы, қытай жәдігерліктерінен мағлұмат сүзеді. Өзі тікелей түз жұмыстарын жүргізіп, ел ішінен екі мыңдай күй аңызын жинақтайды, оның жүздеген таңдаулы нұсқаларын хатқа түсіреді, 150-ге тарта күйші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректер жинайды.

Күй өнерінің тарихи-деректік, жанрлық-құрылымдық, философиялық-эстетикалық мәнін ғылыми биік өреде жан-жақты ашып көрсеткен «Қазақтың күй өнері» [4] атты көлемді еңбегін (2002) жарыққа шығарады. А. Сейдімбектің 1997 жылы «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» [5] атты толымды еңбегі жарық көреді. Бұл кітаптың толыққан нұсқасы орыс тіліне аударылып «Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление» деген атпен 2001 жылы жарыққа шықты.

А. Сейдімбек 2000 жылдың шілде айында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де журналистика кафедрасының меңгерушілігіне және осы университеттің профессорлығына қызметке шақырылады. Ол өз бойындағы мол білімі мен тәжірибесін болашақ журналист-қаламгерлердің шыңдалып шығуына жұмсап, «Журналистика және публицистика жанрлары», «Журналистік шығармашылық психологиясы», «Журналистік шеберлік» жалпы курстары бойынша, сондай-ақ өзі негіздеп, оқу жоспарына енгізген «Журналистика және ұлттық діл: теория мен практика» арнаулы курсынан дәріс оқыды. Ол университет Ғылыми кеңесінің мүшесі, университет аясында жарық көретін Астана қалалық студенттер мен жастардың газеті «Аудиторияның» бас редакторы болды.

М. Жолдасбеков, Қ. Салғарин және А. Сейдімбек үшеуі бірлесе отырып жазған «Елтұтқа» [6] атты толымды еңбек Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай, 2001 жылы «Күлтегін» баспасынан жарық көрді. «Елтұтқа» кітабында соңғы екі жарым мың жыл аясында Қазақстан топырағында ғұмыр кешкен 120-ға тарта тарихи тұлға туралы ғылыми очерктер берілген.

А. Сейдімбек ел ішіне кең тараған «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Ақтамбердінің толғауы», «Алтын асық», «Арарай», «Арман-ай», «Есінде бар ма жас күнің?», «Гагигай» сияқты көптеген әндердің авторы. Бұл әндер Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов, Б. Тілеуханов сияқты әншілердің репертуарларынан орын алған. Оның қазақ ән өнері туралы Жәнібек Кәрменовпен бірлесіп жүргізген сегіз телехабары қазақ теледидарының алтын қорына қосылған рухани қазына. Бұл хабарлар сериясында Ж. Кәрменовке қазақтың жүзге тарта классикалық әнін айтқызып, тарихи-эстетикалық түсініктер беріп отырады. Халық арасында «Жәнібек ән салады, Ақселеу тамсанады» деген мәтел де тарап кеткен.

Жазушы Қойшығара Салғараұлы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлтжанды: Ақселеу Сейдімбек – қаламгер, этнограф, зерттеуші» [7] мақаласында «Ақселеу Сейдімбектің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық – халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендеп отыруға айырықша күштар» екенін айтады.

Қаламгердің шығармашылық және ғылыми еңбегінің бедерлі тұстарын былайша саралауға болады:

– бұрын жиналмаған, зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырманна таныстырды;

– алғаш рет тарихты жеке тұлғалар арқылы зерделеу идеясына ден қойды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті;

– сөйтіп, көшпелілердің төлтума мәдениеті деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосты;

– қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің барын алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді;

– қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпында танытуды мақсат еткен телехабарлар сериясын (8) жасады.

А.Сейдімбек өзінің «Күй шежіре» (1992) [8] атты кітабында былай деген болатын: «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан, азапты өмірді тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ» [8]. Бұл сөз оның өмірі мен шығармашылығының бағдарламасы іспеттес.

А. Сейдімбек кино өнеріне де хабардар болған, бірнеше киносценарийлердің, оның ішінде «Абылайхан» киносценарийінің авторы, «Ықылас күйші» (1983), «Әнші Жәнібек Кәрменов» (1993), «Абайдың Ескендір поэмасы» (1994), «Асыл қазына» (1996), «Зергер» (1998) телефильмдеріне және Асанәлі Әшімовтің «Қозы-Көрпеш-Баян Сұлу» (1993) атты екі сериялы көркем фильміне түскен [1].

Ақселеудің осы жолда ұстанған өмірлік кредосы: «Дұрысы – күш-қуатың, қабілетің барда үндемей, ештеңеге аландамай, істеген ісінді бұлдамай еңбектене беру. Бір нәрсені анық білемін. Атақ, даңқ қуған адам әу бастағы әп-әдемі атқарып келе жатқан творчестволық жұмысының қай деңгейге келіп тоқтағанын білмей, шашылып қалады» [1].

А. Сейдімбектің айрықша атап өтуге тиіс қыры – қазақтың ынтымақ-бірлігі, тіршілік-тынысы жарасқан іргелі ел болу жолындағы жанқиярлық еңбегін – қайраткерлігін әрқашан есте ұстап, есімін әрдайым қастерлеп жүру бүгінгі және болашақ ұрпақтың парызы.

### Әдебиеттер

1. Салғараұлы Қ. Ақселеу Сланұлы Сейдімбек. Өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша очерк / Құраст. М.Б.Шындалиева; бас ред. М.Ж. Жолдасбеков. – Астана: KUL TEGIN, 2002. – Б. 5-16.
2. Мырзагелді К. Ақселеу асуы // <https://kitap.kz/>. – 2011. – 300 б.
3. Сейдімбек А. Мың бір маржан. – Алматы: Өнер, 1989. – 254 б.
4. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.

5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 381 б.  
6. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. – Астана: Күлтегін, 2001. – 170 б.  
7. Салғараұлы Қ. Ұлтжанды: Ақселеу Сейдімбек – қаламгер, этнограф, зерттеуші // Егемен Қазақстан. – 2002, 23 қазан.  
8. Сейдімбек А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.

МРНТИ:27.01.45

**Б.С. Қудайбергенова, Б.К. Мухаметсадықова**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Қазақстан, Семей қаласы, Bakosya\_220997@mail.ru

## **«ФУНКЦИЯНЫҢ ТУЫНДЫСЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **FEATURES OF PREPARATION OF TEST TASKS ON THE TOPIC «DERIVATIVE OF A FUNCTION»**

Қазір әлемде тестілік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде білімнің ажырамас бөлігіне айналды. Тестілеу жайлы айтпай тұрып, алдын-ала оқушы білімін бағалау үшін қолданылатын тестің не екенін білу керек.

Педагогикалық тест дегеніміз біртіндеп күрделенетін, жеке адамның педагогті қызықтыратын білімі мен басқа да қасиеттерін түпкілікті түрде сенімді бағалай алатын, бір-бірімен тығыз байланысты тапсырмалар жиынтығы. Педагогикалық тест ұғымын ашу – тестің тапсырмасы, күрделілік деңгейі, сенімділігі және біліктілігі ұғымдарымен танысуды қажет етеді.

Математика – бұл білім беру мақсаттары толығымен диагностикалық түрде берілген ғылым, тестілеу оқу процесін сенімді бақылауға, оқушылардың білімін, білігі мен дағдыларын объективті бағалауға мүмкіндік береді, ал тестілеу нәтижелері оқу жоспарларын түзетуге негіз бола алады.

«Функцияның туындысы» тақырыбына тест тапсырмаларына қойылатын заманауи талаптар оқу орнындағы білім беру процесінің мазмұнымен құрылымын жетілдіруге, тест материалдары мен технологияларын тікелей әзірлейтін, бағалайтын және қолданатын мұғалімдердің біліктілік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Алайда, дұрыс құрастырылмаған тест тапсырмалары оқушылардың сұрақты дұрыс қабылдамауына ықпал етеді, бұл сыналушының тестке қорытынды жауабы кезінде негізсіз қателіктерге әкеп соғады. Мұндай жағдайлар тест тапсырмаларын әзірлеуші компьютерлік тестілеу мәдениетін меңгермеген жағдайда немесе тестерді тәжірибесіз мұғалім құрастырған кезде туындайды.

Тапсырмалар түрін таңдау тестілеу мақсаты мен тест мазмұнына байланысты. Білім сапасының жүйесін қалыптастыруға арналған тесттер үшін оларды қолдану әбден мүмкін, сонымен қатар тапсырмалардың негізгі түрлері. Сонымен қатар, осы формалардың әрқайсысы білім сапасының нақты түрлерін тексеруге мүмкіндік береді. Математикадан компьютерлік тестілеу мәдениеті әрбір тестілік тапсырмаға жеке және жалпы барлық кешенге қойылатын қағидалар мен талаптар кешеніне негізделеді.

«Функцияның туындысы» тақырыбына тест тапсырмалары қолданылуға тең мүмкіндіктерге ие, бірақ келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- Тест тапсырмасы нақты тілмен тұжырымдалған және тест тапсырмасының талаптарына тестіленушінің қорытындысының бір мәнді еместігін болдырмайтын қысқаша пікір ретінде ұсынылуы тиіс.
- Тест тапсырмалары тұжырымдамасында да, жауаптарда да көмекші сөздер болмауы керек. Тапсырма мен жауапта бір түбірлі сөздердің пайда болуына жол берілмейді.
- Тест тапсырмасының мазмұнында қайталанулар, қосарлы теріске шығару және сленг болмауы тиіс. Тест тапсырмасында балама пікір нысандарына жол берілмейді.
- Тест тапсырмасының тұжырымы баяндау түрінде көрсетілуі тиіс (сұрақ алынып тасталады). Тест тапсырмаларында сұрақ – сөздерді («қандай», «неге», «қалай» және т.б.) қолданудан аулақ болу керек.
- Мүмкіндігінше, тест тапсырмалары мәнінде күрделі бағынысты құрылымдар болмауы тиіс.

- Тест тапсырмалары тұжырымдамасында бұйрық рай түріндегі сөздер болмауы тиіс («көрсетіңіз», «есептеңіз», «таңдаңыз» және т.б.)
- Тест тапсырмаларында әртүрлі мөлшерде қиын болуы тиіс.
- Тест тапсырмалары тұжырымы ең аз болуы тиіс (он бес сөзге дейін ұсынылады).
- Мүмкіндігінше ерекше белгі, негізгі сөз тест тапсырмалары басында көрсетіледі. Тест тапсырмаларын көмекші сөзден, жалғаулықтан, демеуліктен бастауға болмайды.
- Тест тапсырмаларын шешудің орташа уақыты 2-3 минуттан аспайды.
- Суреттерді, формулаларды және басқа да түсіндіретін объектілерді пайдаланған жөн.
- Жауаптардың барлық нұсқалары ұзындығы бойынша сәйкес, бір жолдан аспауы тиіс.
- Жауап нұсқаларында қайталанатын фразалардың болуына тыйым салынады. Тапсырмада «ұзын» сұрақ және «қысқа» жауаптар болғаны дұрыс.
- Тест тапсырмаларының жауабы бір мәнді болуы тиіс. Төмендегідей жауаптарға жол берілмейді: «аталғандардың барлығы дұрыс», «барлық көрсетілген жауаптар – қате» және т. б.
- Тест тапсырмаларындағы жауаптар саны 3-тен артық, бірақ 7-ден аз болуы тиіс.
- Барлық дұрыс немесе барлық дұрыс емес жауаптарды қолдануға тыйым салынады.
- Әрбір тест тапсырмаларында дұрыс деп белгіленген ең болмағанда бір жауап болуы керек.

Тестіленуші тексеру басталғанға дейін тест тапсырмаларының саны және уақыттық шектеулер туралы хабардар етілуі тиіс. Бейімделген тестілеу кезінде тест тапсырмаларының саны алдын ала айтылмайды. Тест тапсырушыда ресми тестілеу басталар алдында тестілеу бағдарламасының интерфейсімен және қорытындыны енгізу тәсілдерімен танысу үшін кемінде бір рет таныстыру тестін орындау мүмкіндігі болуы тиіс. Таныстыру тесті осы тестіде кездесетін қорытындыларды енгізудің әр түрлі нысандары мен тәсілдерінің әрқайсысында екі тапсырмадан аспайтын шағын болуы тиіс. Қорытындыны енгізу тәсілі қарапайым және ыңғайлы болуы керек. Тестіленуші енгізген қорытынды монитордың экранында бейнеленуі және тестіленушіге түсінікті болуы тиіс.

«Функцияның туындысы» тест үлгісіндегі тапсырмалар – педагогикалық өлшемдердің негізгі ұғымы болады. Төменде көрсетілген талаптарға сай педагогикалық құрал ретінде анықталады:

- мақсаты болуы;
- технологиялық;
- қысқа, жинақы түрде болуы;
- ойдың логикалық құрылымы дұрыс;
- жауаптарды бағалаудың теңдігі;
- жауаптардың анықталған орны болуы.

**Мақсат.** Берілген тапсырма белгілі мақсатпен құрылады, басқаша айтқанда әр тапсырманың миссиясы, характеристикасы болады. Мысалы, үлгерімі нашар оқушыларға не үздік оқитындарға, интеллектуалды жағынан қабілеттілерге немесе дарынды оқушыларға арналып құрылған, өздік жұмысына, дайындық деңгейін компьютер арқылы тексеру, аттестациялау үшін құрылған тест тапсырмаларын атауға болады. Педагогикалық тапсырмалар оқытушы, үйретуші, әрі бақылаушы функцияларын атқарады.

**Қысқалылығы.** Тапсырманың мазмұны жағынан жинақы болуы әр сөз, символ-таңбаларды, графиктерді мұқият таңдау арқылы іске асырылады. Тапсырмада мағынасы түсініксіз, сирек кездесетін сөздер, сөз тіркестерінің болмауы, сөздердің қайталанбауы қажет. Бір ғана ойды, не мағынаны білдіретін қысқа тұжырым түрінде болуды талап етеді.

**Технологиялылығы.** Қазіргі уақытта қойылатын талаптардың бірі. Тестілеу үрдісінде техникалық құралдарды қолдану арқылы нақты, үнемді, әрі шапшаң, әрі объективті түрде жүргізілуін технологиялылығы деп айтады. Сыналушыға тапсырманың түсінікті тілде жазылуы, компьютерге енгізу мүмкін болуы – технологиялық түрі деп аталады.

**Тұжырымдаманың логикалық формасы** – тест мазмұнын реттеу және дәйекті түрге келтіру. Оқу сұрақтары мазмұны шұбалаңқы, көпсөзді болады, сондықтан сұрақтарды логикалық формамен ауыстырылады. Егер тапсырмаға бір дұрыс жауап таңдау берілсе, яғни олардың біреуі дұрыс та, қалғандары қате болса, ондай тапсырмаларды бір дұрыс жауапты таңдау тапсырмалары деп атайды. Бұл тапсырмаларға міндетті түрде «Дұрыс жауап нөмірін дөңгелектеңіз» деген нұсқау беріледі. Тұжырымдаманың логикалық формасы Аристотельдің үшінші терістеу заңына негізделген, сондықтан «дұрыс жауап жоқ» немесе «барлық жауаптар дұрыс», «басқа жауап» деген жауаптар қоюға тыйым салынады.

**«Функцияның туындысы» тақырыбына терістеу қағидасы.** Бұл қағида мағынасы бір жауаптың екінші жауапты терістеуді қолдану. Мысалы,

Дұрыс жауаптың нөмірін белгілеңіз:

1. Берілген аралықта функцияның туындысы оң таңбалы болса, онда осы аралықта функция  
1) өседі 2) мәні тұрақты болады 3) кемиді

2. Өспелі функцияда аргументтің үлкен мәніне функцияның

1) кіші мәні 2) үлкен мәні сәйкес келеді.

**«Функцияның туындысы» тақырыбына біртектілік қағидасы.**

3. «Туынды» терминін енгізген математик

1) Виет 2) Лагранж 3) Пифагор

**Кумуляция.** Бұл қағида екінші жауапта бірінші жауап және үтір немесе оның сөзі қолданылады.

**«Функцияның туындысы» тақырыбына үйлесімдік қағидасы.**

**4. Туынды** – дифференциалдық есептеулердің  $x$  аргументі

1) өзгермеген 2) өзгерген кездегі 3) ұлғайған кездегі

$f(x)$  функциясының өзгеру жылдамдығымен сипатталатын негізгі түсінігі.

Екінші форма – ашық формадағы тапсырмалар сыналудың еркін жауапты талап етеді.

Бұл тапсырмаларға «толықтыру керек» деген нұсқау міндетті түрде беріледі.

- Әр тапсырмаларда бір толықтыру (бос орын) болу керек;
- Негізгі маңыздыны толықтыру керек;
- Толықтыру сөйлемнің соңында қойылады;
- Сұрақ айқын қойылуы тиіс, екі жақты мағына бермеуі керек және анық сұраққа анық жауап алынуы тиіс.

*Толықтыру керек.*

5. \_\_\_\_\_ – дифференциалдық есептеулердің  $x$  аргументі өзгерген кездегі  $f(x)$  функциясының өзгеру жылдамдығымен сипатталатын негізгі түсінігі.

Мектеп қабырғасында қолданылатын «Функцияның туындысы» тақырыбы бойынша тест тапсырмалары:

1. Функцияның туындысын табыңыз  $y = \cos 2x$

A)  $2\cos 2x$  B)  $-\cos 2x$  C)  $4\cos 2x$  D)  $-4\cos 2x$  E)  $-4\sin 2x$

2. Функцияның туындысын табыңыз  $y = \sin 3x$ .

A)  $\cos 3x$  B)  $-9\sin 3x$  C)  $\sin 3x$  D)  $-3\sin 3x$  E)  $\cos x$

3. Функцияның туындысын табыңыз  $y = 2x^3 + 3x^2 + 1$

4. A)  $6x+1$  B)  $6(2x+1)$  C)  $6(2x+2)$  D)  $6(2x+3)$  E)  $12x+5$

#### Әдебиеттер

1. Саранцев Г.И. Общая методика преподавания математики: Учеб. Пособие. – М. Просвещение, 2002. – 224 с.

2. <https://www.ped.kz/-стаздар-а/баяндама/тест-тапсырмалары-ж-не-оларды-ру.html>

МРНТИ: 14.25.09

**Е.М. Ныгыметов**

КММ «№19 ЖОББ мектебі»

Қазақстан, Семей қаласы, 1974ne@mail.ru

#### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN PHYSICAL EDUCATION CLASSES

Инклюзивті білім беруді тиімді түсіну үшін оның тұжырымдамасын талдай кеткен жөн. Сонымен инклюзивті білім беру (фр. inclusif-лат. include-қорытындылаймын, қосамын, тартамын) – қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандардың социумға тартылуы мүмкін (және керек) деген түсінікке негізделген жалпы білім беру тәжірибесі. Бұл практика білім берудің барлығына қол жетімділік жағдайларын қалыптастыруға бағытталған. Оның ішінде ол мүмкіндігі шектеулі балалар үшін білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Менің түсінімімше, инклюзивті білім беру "қалыпты" және "мүмкіндігі шектеулі" балалар үшін де жан-жақты дамуы керек. Өйткені балалардың мұндай екі санаттары бір-біріне көмектесуі керек, және бұл "қалыпты" балалар мүмкіндігі шектеулі балаларға "қолдау" көрсететіндігінде көрінеді. Бұл өз кезегінде балалардағы жауапкершілік сезімін дамытады және қоғамдағы толеранттылықтың одан әрі дамуына ықпал етеді.

Атақты кеңес психологы Лев Семенович Выготский мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамуы бар балалар қоғамынан шығарылмайтын оқыту жүйесін құру қажеттілігі айтып өткен. Ол біздің арнайы (түзету) мектебіміз барлық артықшылықтармен ерекшеленетінін атап өте келіп, мұндай мектептердің басты кемшілігі-ол оқушысын белгілі бір мектеп ұжымының тар шеңберінде ұстайды және баланың ақауына бейімделген жабық әлем жасайды деп есептейді. Мұндай мектептегі барлық бала назарын өзіне және өзінің кемшілігіне аударады, қоғамдағы шынайы өмірге енбейді. Осылайша, Л.С. Выготский алғашқылардың бірі болып интеграцияланған оқыту идеясын негіздеді.

Сондай-ақ, австриялық дәрігер Карл Кениг "қалыпты" адамдардың «мүмкіндігі шектеулі» адамдармен бірлесіп өмір сүруі оларға пайдалы деп есептейді. Мұндай өмір қалыпты адамдарға қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға және өзіншілдікті жеңуге көмектеседі дейді. Ол қазіргі заманғы "үш үлкен қателік" атап көрсетті; агностицизм, "табиғи іріктеудің" Дарвиндік түсінігі және өлшенетін интеллекттің психологиялық теориясы.

Осы ілімдерге сүйене отырып, инклюзивті білім берудің "мүмкіндігі шектеулі балалардың да" және "қалыпты" балалардың да жан-жақты дамуына қатысты екендігіне дау айта алмаймыз

Осы фактіні назарға ала отырып, біздің күш-жігерімізді дене тәрбиесі саласындағы инклюзивті білім беруге аударғым келеді. Өкінішке орай, көптеген білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар көбінесе белсенді емес. Дене шынықтыру сабағындағы олардың әрекетсіздігінің негізгі себебі әдетте мұндай балалар дене шынықтыру сабақтарынан босатылады. Сондықтан мұндай жағдайда дене шынықтырудағы инклюзивті сабақтар ерекше өзектілік пен маңыздылыққа ие болады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға дене тәрбиесі және оқыту процесі кезінде жаттығуларды мағыналы түрде орындап, оларды медиациялауға және талдауға тырысуы керек, осылайша олар жылдамдықты, ырғақты, қимылдарды және басқа да сипаттамаларды реттей алады. Бұл үшін бірлескен жаттығулар жасату керек. Сол кезде «мүмкіндігі шектеулі» балалар «қалыпты» балаларға қарап, олардың істегенін қайталауға, жаттығулардың түсініп жасауға тырысады. Сондай-ақ, олардың қозғалыстарын бақылау және өзін-өзі бақылау тәсілдерін қалыптастыру, дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде мотивациялық фактор бола алады.

Инклюзивті дене шынықтыру сабақтарында "қалыпты" балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлескен сабақтары моториканың қол жетімді үлгісін көрсетеді. Мұндай сабақтар мүмкіндігі шектеулі балаларда еліктеуді қалыптастырады, ал "қалыпты" балаларда физикалық және психологиялық кедергілерді жеңу қабілеті қалыптасады, нәтижесінде барлығы өздерінің физикалық жағдайларын жақсартуға тырысады. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарының мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып жеке көзқараспен, мұғалімнің қолдауымен, «қалыпты» балалардың өзара көмегі, теңдігі мен достығына негізделіп құрылуы қажет екенін ұмытпауымыз керек. Мүмкіндігі шектеулі балаға "қалыпты" балалармен тең дәрежеде сөйлесе алатындығын түсіну маңызды. Сабақтарды өткізуде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін инклюзивті дене шынықтыру сабақтарын дене шынықтыру пәні мұғалімі мен мектептің дәрігерімен бірлесіп құруда маңызды болып табылады.

Осылайша, дұрыс құралдар мен әдістерді нақты таңдап құрылған бірлескен сабақтар мен жаттығулар мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы физикалық және психикалық кемшіліктерді түзетудің күшті факторы бола алады. Инклюзивті білім берудің сегіз қағидасының бірін ұмытпайық онда: барлық адамдар бір-біріне мұқтаж делінген. Бұл менің ойымша, бірлескен дене тәрбиесі сабақтарын өткізуге негіз болу керек.

Қорытындылай келсек, дене жаттығуларының мүмкіндігі шектеулі баланың денесіне тиімді әсер етуі үшін, педагогикалық және медициналық бақылаудан басқа, әр баланы өзінің физикалық белсенділіктің мөлшері мен қарқындылығын реттеуге үйрету керек. Өзін – өзі бақылау- денсаулық бен физикалық жағдайды үнемі бақылауда ұстау деген сөз. Дене шынықтыру сабақтарының әсерінен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығы мен дамуының бұзылмауы үшін бақылау дене шынықтыру пәні мұғалімі мен ата-ананың тарапынан үздіксіз жүргізіліп отыруы керек. Қандай-да бір кері әсер байқалса емдеуші дәрігердің кеңесіне жүгініп отыру маңызды.

### Әдебиеттер

1. Алёхина, С.В. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании / С.В. Алехина, М.А. Алексеева, Е.Л. Агафонова // Психологическая наука и образование. – 2011. – № 1. – С. 83-92.
2. Волкова, Т.А. Особенности профессии педагога в условиях инклюзивного образования [Электронный ресурс] / Т.А. Волкова // Концепт. – 2014. – Современные научные исследования. Выпуск 2. – ART55228. – URL: <http://e-koncept.ru/2014/55228.htm>
3. Р.А. Сүлейменова, Г.В. Хақимжанова. «Отечественный и зарубежный опыт включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения», Алматы, 2001 ж. беттер /10, 11, 45, 48, 52/.
4. Р.А. Сүлейменова. «Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан» // Вестник АГУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2004. – № 1. – С. 3-13
5. Г.Д. Хақимжанова, А.А. Айдарбекова, «Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001 ж. 8-10 бет.

## **2 СЕКЦИЯ: МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

### **СЕКЦИЯ 2: МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ**

МРНТИ: 14.23.17

**М.М. Абдурахманова**

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ  
Қазақстан, Алматы қаласы, makhambetkyzy.maira@gmail.com

#### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **FEATURES OF THE USE OF GAME-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN PRESCHOOL ORGANIZATIONS**

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті, қоршаған ортадан алған әсерлері мен білімдерін өңдеу тәсілі. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік өмірінің ерекше түрі – олардың өз қалауы бойынша бірігетін, өз бетінше әрекет ететін, өз идеяларын жүзеге асыратын, әлемді танып-білуге арналған ойын. Өз бетінше ойын әрекеті баланың физикалық және психикалық дамуына, адамгершілік және еріктік қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін белсендіру, кеңейту және байыту үшін мектепке дейінгі білім беру мекемесінде арнайы кеңістікті оңтайландыру және ұйымдастыру педагогикалық тәжірибедегі ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Мектепке дейінгі жас – ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы тиіс, бірақ, ойын-сауық емес.

Орыс педагогы В.А. Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» – десе, ғалым Е.А. Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Мысалы: ежелгі гректерде «ойын» түсінігі балалардың қимылы деген ұғымды білдіреді, ал еврей халқында «ойын» сөзі қуаныш, шаттық сезімдерін сипаттайды – деп, барлық халықтың ойын түсінігінің түп-тамырының сабақтасып жатқандығы туралы тұжырым жасайды Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, әрбір педагог – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отыруы керек [1].

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оны өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін әзірленетін ойын арқылы оқыту технологиясы анық, белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет. Педагог осы жүйені пайдалана отырып, нәтижесінде баланың сол немесе өзге де заттық мазмұны бар деңгейді меңгеретініне сенімді болуы қажет

Ойын арқылы оқыту технологиясының басты мақсаты – мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу.



Оның міндеттері:

1. Білім мен дағдыны меңгерудегі қажеттілікті түсінуде, баланың жеке белсенділігінің жоғары деңгейге жетуі.

2. Баланың белсенділігі мен қызметінің нәтижелілігін арттыратын құралдары таңдау.

Ойын технологиясы балабақшаның тәрбие және білім беру тараптарымен оның негізгі міндеттері шешімімен тығыз байланысты.

К.Д. Ушинский ойынды баланың ересектер әлемінің барлық күрделілігіне ену тәсілі деп анықтады. Еліктеу арқылы бала ойында ересектердің мінез-құлқы мен белсенділігінің тартымды, бірақ оған әлі қол жетімсіз формаларын қолданады. Ойын жағдайын құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалар кейінірек жүзеге асырылатын адами қарым-қатынастың негізгі аспектілерін меңгереді. Ойынның педагогикалық аспектісі оны балалардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру формасы ретінде түсінумен байланысты. Д.В. Менджерицкая, ойын жалпы білім беру мәселелерін шешуге арналған, оның ішінде ең бастысы – адамгершілік және әлеуметтік қасиеттерді дамыту; ойын тәрбиелік сипатта болуы және мұғалімнің жіті назарында өтуі керек; ойынның балалардың өмір сүру формасы ретіндегі ерекшелігі оның әр түрлі қызмет түрлеріне (еңбек, оқу, күнделікті өмір) енуінде,-деп атап айтқан [2].

Мектепке дейінгі жаста еріксіз зейіннен ерікті зейінге біртіндеп көшу жүреді. Ерікті зейін тапсырмаға көңіл бөлу қабілетін қамтиды, тіпті ол өте қызықты болмаса да, бірақ бұл балаларға қайтадан ойын әдістерін қолдана отырып, үйрету керек. Ойын технологиялары зейін сияқты бірте-бірте ерікті сипатқа ие болатын есте сақтауды дамытуға көмектеседі. Ойын технологиялары баланың ой-өрісін дамытуға ықпал етеді.

Әртүрлі мақсатты бағыттағы ойын технологияларын кешенді қолдану баланы мектепке дайындауға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі баланың ересектермен, басқа балалармен қарым-қатынасының әрбір ойын жағдайы бала үшін «ынтымақтастық мектебі» болып табылады, онда ол өз құрдасының жетістіктеріне үйренеді және қуанады, оның сәтсіздіктеріне сабырлы түрде шыдайды; олардың мінез-құлқын әлеуметтік талаптарға сәйкес реттеу, ынтымақтастықтың топтық және топтық формаларын бірдей сәтті ұйымдастыру.

Ойын технологиясының ерекшелігі: ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады. Ойын технологиясының негізгі құрамдас бөлігі –педагог пен балалар арасындағы тікелей және жүйелі байланыс.

Бұл технологияның маңызды элементтерінің бірі ойын қызметін ұйымдастыру болып табылады. Ойын әрекетінің бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады: еркін ойын – ойыншықтармен, текшелермен, қуыршақтармен, аттармен, тығылмақпен және т.б. ойнау.Ойын оның баласының үйдегі өмірінің жалғасы болып табылады және баланың қарым-қатынасы арасындағы қайшылықтарды жоюға көмектеседі. бақшадағы және үйдегі өмір.

Қазіргі кезеңде ойын әрекетін дербес технология ретінде пайдалануға болады: оқытылатын материалдың тақырыбын немесе мазмұнын меңгеру; сабақ немесе оның бөлігі ретінде (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау); мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ұжымы қалыптастыратын білім беру бағдарламасының шеңберінде. Ойын технологиясындағы педагогикалық ойынның басты белгісі – оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталатын нақты белгіленген оқу мақсаты мен оған сәйкес педагогикалық нәтиже.

Педагогикалық ойындардың түрлері сан алуан. Олар әртүрлі болуы мүмкін:

- Іс-әрекет түрі бойынша – қозғалыстық, интеллектуалдық, психологиялық және т.б.
- Педагогикалық процестің сипаты бойынша – оқыту, тәрбиелеу, бақылау, танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, диагностикалық.
- Ойын әдістемесінің сипаты бойынша – ережелері бар ойындар; ойын барысында белгіленген ережелері бар ойындар; ережелердің бір бөлігі ойын шартымен белгіленетін және оның жүру барысына қарай белгіленетін ойындар.
- Мазмұны бойынша – музыкалық, математикалық, әлеуметтендіргіштік, логикалық және т.б.

– Ойын жабдықтары арқылы – жұмыс үстелі, компьютер, театр, рөлдік ойын, режиссура және т.б. [3]

Ойын – балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал педагог тек бағыттаушы болады.

Ойын технологиялары балалардың еркін болуына көмектеседі, өзіне деген сенімділік пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, нақты өмір жағдайларына жақын ойын жағдайында әрекет ете отырып, мектеп жасына дейінгі балалар кез келген күрделіліктегі материалды оңай меңгереді.

Ойын технологиялары баланың ой-өрісін дамытуға ықпал етеді. Бұл ретте педагог баланы ой қорытуға, себеп-салдарлық байланыстарды табуға, қорытынды жасауға үйретуге мүмкіндік беретін дидактикалық ойындарды пайдаланады.

Ойын технологиясының көмегімен педагог балалардың шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын, қиялын дамытады. Стандартты, проблемалық жағдаяттар үшін ойын тәсілдері мен әдістерін қолдану балалардың икемді, өзіндік ойлауын қалыптастырады. Мысалы: балаларды көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарында (көркем шығармаларды бірлесе айтып беру немесе жаңа әңгіме, ертегі құрастыру) оқушылар кейін ойын – ұғымдар, ойын – қиялдар ойнауға мүмкіндік беретін тәжірибе жинақтайды.

### **Әдебиеттер**

1. Касаткина Е.И. Игровые технологии в образовательном процессе ДОУ. // Управление ДОУ. – 2012. – № 5.
2. Губанова, Н.Ф. Игровая деятельность в детском саду: Методическое пособие. – М.: Мозаика-Синтез, 2006-2010.
3. Г.К. Селевко «Современные образовательные технологии», М. 2006.
4. Қаженбаева А.Е. // А.Е. Алдабергенова Бала танымын ойынмен дамыту. // Бала мен балабақша. – 2002. – №1.

МРНТИ: 14.25.09

**Г.К. Исмаилова, Т.Т. Тюлеубекова**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Қазақстан, Семей қаласы, [TolkynTjuleubekova@mail.ru](mailto:TolkynTjuleubekova@mail.ru)

## **АУДИО ЖӘНЕ БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІСІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

### **EFFECTIVENESS OF TEACHING AN ENGLISH FAIRY TALE BASED ON AUDIO AND VIDEO MATERIALS**

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің рөлі өте зор. Сөздік жұмыс ертегіде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. Фонетикалық материал бір қарағанда, жоғары сыныптарға керегі жоқ сияқты болғанымен, кейбір дыбыс емлесінің ерекшеліктері, дауыс ырғағы, екпін түсіру сияқты нәрселерді сабақта еске түсірудің маңызы зор. Оның бәрі оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың әсерлі өтуіне септігін тигізеді.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай

үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттап білім беруде.

Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан – салалағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір – бірімен байланысып кірігеді. Ағылшын тілі сабақтарында компьютермен жұмыс істеу де ерекше орын алады. Қазіргі таңдағы техникалық оқыту құралдары – телефон, телевизор, магнитофон, мультимедиялық кабинет арқылы оқыту тілдерді меңгерту қызметіне жаңаша қарауды, бұл бағытта қол жеткізген табыстарымызды сын көзбен қарап, саралап ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді қажет етеді [1].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, шетел тілін үйретудегі мұғалімнің негізгі мақсаты әртүрлі әдістерді пайдалана отырып оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу, жазу іскерліктерін арттыру.

Тіл дамыту жолдарын дұрыс ұйымдастыру оқушылардың ойлау қабілетін, сауаттылығын арттырудың негізгі жолы. Бұл мәселе ағылшын тілі пәніне де тікелей байланысты. Осы саладағы пәннің негізгі мақсаты мектеп оқушыларын шетел тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу. Осы жолда мұғалімнің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі үлкен көрініс табады.

Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл нәтижеге жету үшін мұғалім тіл дамыту жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек. Оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады [2]?

Сабақты баланың ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі –аудио және бейне материалдар негізінде ағылшын ертегісін оқыту.

Аудио және бейне материалдар негізінде ағылшын ертегісін оқыту барысында қойылатын басты талаптардың бірі – берілген материалды түсініп тыңдау немесе көру. Себебі оқушы тыңдап тұрған әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің беретін мағынасын, грамматикалық тұлғасын түсінбейінше сөйлемдегі айтылар ойды қабылдай алмайды. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза отырып, әрбір тыңдалған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, мәтінді түсініп оқуға баулу қажет. Егер мұғалім ертегі бойынша тек: оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты түрлерін пайдаланса, бұл бір сарынды болып келіп, оқушыларды жалықтырады және пәнге деген қызығуын төмендетеді.

Ал шығармашылықпен жұмысты мынадай тәсілдерді пайдалана отырып өткізуге болады:

- Ертегіні өзгертіп баяндалу. Мысалы: “Менің ойымша”, “Мен өз тәжірибиеме сүйеніп айтып отырмын”, сияқты сөз тіркестерін қолдану.
- Ертегіден іріктеліп алынған сөздерге морфологиялық талдаулар жасата отырып, түбірлес сөздерді анықтату. Бұл жұмыс түрлері өтілген грамматикалық ережелерді есте сақтау, іс жүзінде пайдалана білуге жаттықтырады.
- Тілді жақсы білетін оқушылар үшін белгілі бір сөйлемнің құрамындағы сөздерді синонимдермен алмастыруды тапсыруға болады. Жұмыстың бұл түрі ертегі құрамындағы әрбір сөздің мән – мағынасын нақты түсінуге, яғни сөздікпен жұмыс істеуге ықпал етеді.
- Берілген ертегіге сүйене отырып диалог құрастыру. Бұл әдіс бір жағынан оқушының тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалогты үлгерімі орташа оқушыларға пайдалану тиімді. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл сыныпты жұмылдырып алып, балалардың зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады [3].

Ертегі бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп.

1. Аудио немесе бейне материалдар негізінде көрген немесе естіген ағылшын ертегісінің мазмұнын қысқаша, тұжырымды түрде әңгімелету.
2. Ертегі ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу.
3. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту.
4. Ертегі бойынша сурет салғызу [4].

Аталмыш әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, Мерсердің зерттеуіне сәйкес диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгіме түрінің оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда өте тиімді тәсіл екендігіне көз жеткізуге болады.

Олай болса осы қоғамға сай білімді оқушы тәрбиелеуде зерттеушілік әңгімені пайдалана отырып оқыту тәжірибесін жетілдірудің ықпалы зор.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрін сипаттаған болатын. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері:

- әңгіме-дебат,
- кумулятивті әңгіме,
- зерттеушілік әңгіме.

Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсінумен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

- 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- 2) әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- 3) қатысушылар бір біріне сұрақ қояды;
- 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгіме де дәлелдеме «көрінеді»;
- 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

Диалогтік оқыту кезінде Мерсер мен Литлтонның пайымдауынша, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, оның білім деңгейінің өсуіне әсер етеді, берілген тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Барнс (1976) пен Мерсердің айтуынша, зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптасады. Идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық біліммен түсінікті қалыптастырады. Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады, болжамдар ұсынып талқылайды. Осындай сценарий бойынша оқушылар бірін-бірі тыңдап өз жауаптарын талдайды. Бұлай жұмыс істеген оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып табылады [5].

Мұғалім жай, бір сарынды үнмен сөйлесе немесе тек өзі сөйлейтін болса оқушыларда селқостық пайда болады. Бұл көріністі бұрынғы өткізіліп жүрген сабақтарымды зерттеу барысында ұйымдастырылған мектептегі тәжірибе барысындағы сабақтарыммен салыстыра отырып аңғардым. Бұған дейінгі дәстүрлі сабақ беру үрдісі бойынша ертегіні өзім оқып, аударып, тақырып бойынша қажетті ойлар мен ақпараттарды өзім беріп, өзім талдау жасап, тек олар тыңдаушы және көшіріп алушы болды. Мұның соңы оларды немқұрайлыққа әкелді. Жіберілген осы сынды қателіктер мен кедергілерді жоюға зерттеу барысында игерген білімдерім үлкен септігін тигізді.

Оқушылардың өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірін, өз ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, оларға топтарда бірлесе жұмыс жасауға, ортақ пікір шығаруға мүмкіндік бердім. Бұл жұмыстар барысында оқушылардың ертегіні оқып, таныс емес сөздерге мән беріп, аударып, бір-біріне кеңес беріп, одан нәтиже шығаруы мені қуантты. Ең бастысы сабақ үдерісінде балаларға ой тастап, оларды тақырыпты талдауға, дәлелдеуге, жауаптарын салыстыруға, зерттеулерін негіздеуге жетелеу (Мерсер, 2000) керек екеніне көз жеткіздім [6].

Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды сынып сабағындағы үндемес оқушылар диалогтік кезінде (Барнс, 1971) өте белсенді болды. Өйткені осындай сабақтар кезінде ол тең құқықтыққа ғана қолы жетіп қоймай, алдыңғы қатарлы, әрекетшіл болып басқаларды өзіне тартатын мүмкіндікке ие болады. Ертегіні ұққаны туралы өзінің бағасын бере отырып, пікірін, ойын дұрыс айта біледі. Күрделі емес пікір сайысқа қатысып, өз ойын аргументтеу, дәлелдей білуді үйренгенінің өзі мен үшін де, оқушы үшін де жетістік болды.

Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір – бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетед [7].

Рэгг және Браун оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет студия түрлерін атап кеткен, бұл мұғалім үшін маңызды мәселелердің бірі. Жауап беру кезінде оқушының кідірісіне дұрыс әрекет жасау, одан шығу мәселесі қарастырылған. Мысалы: ертегі бойынша тапсырма берсек, оқушы түсінбедім деген сұрақ қойса, біз оған түсіндіруге уақыт жібереміз, ал бір

партадағы екі оқушыға тапсырсақ олар ақылдасып, бір-бірімен кеңесіп түсінеді (Харгривс және Гэлтон, 2002) [8].

Күнделікті оқытуда көбіне жауап беру жылдамдығына көп көңіл бөлмейміз, жауап беруге кететін уақытты өлшемейміз, тек шамамен жүреді екенбіз, осының әсерінен үнемі уақыт тығыздығы сезіледі. Осындай кезде мұғалім оқушыларды асықтырып ойларын жинақтауға уақыт бермейді.

Практика жүзінде үйренген жаңалықтарымды енгізіп, өзгерістер байқадым, оқушыларымның жауаптарына сенімділігін көрдім. Енді сабақ үдерісінде оқушылар өз беттерінше жұмыс жүргізіп, жаңа тақырыпты өздері ізденушілікпен меңгере бастады, түсініктерін талдауға мүмкіншілік алды. Мен оларға тек бағыт беріп отырушы болдым.

Топтық жұмыстар оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауына, бірге шешім қабылдауына жағдай жасады, өз ойларымен толық ақпарат алды. Әр сабағымда диалогтық оқытуды үнемі жүзеге асырып отырдым, себебі ағылшын тілі пәні ауызша жеткізуді, оқығанын қандай да бір дәлелдемелерді қажет ететін пән. Постер жасау жаңа тақырыпты игеру мен түсіну үшін тиімді болды, себебі ағылшын тілі сабағында жұмыс жасау өте маңызды. Ал ертегімен жұмысты постер арқылы, рөлдік ойын, аудио және видео арқылы жүзеге асыру өте тиімді. Оқушыларды шапшаң жұмыс жасап, тез шешім қабылдауға дағдыландырады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Сыни ойлауын дамытады.

### **Әдебиеттер**

1. Электронные интерактивные доски SMART board – новые технологии в образовании / <http://www.smartboard.ru/>
2. К. Әстеміров, А.Айтбаева. «Қазіргі білім беру технологиялары», Алматы, 2006.
3. Г. Әлмұханова «Шығармашылық деңгеймен жұмыс жасау», Мұғалім КЗ журналы № 5, 2003.
4. Н. Исабек «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері». Қазақстан мектебі № 2, 2002.
5. Л.П. Гусева «Біз ойнаймыз, үйретеміз, меңгереміз - біз ағылшын тілін білгіміз келеді», – Ростов н / а: Феникс, 2009.
6. А. Иманбаева «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру білгірлігі», Қазақстан мектебі, № 2, 2000.
7. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранного языка. М., 2004.
8. Щерба Л.В. Преподавание языков в школе. М., 2003.

МРНТИ:14.07.09

**А.Ж. Аубакирова**

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»  
Казахстан, г. Семей, mail-adina@mail.ru

### **МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ УСТНОЙ РЕЧИ**

#### **MULTIMEDIA EDUCATIONAL RESOURCES AS A MEANS OF DEVELOPING ORAL SPEECH SKILLS**

The development of modern society is taking place in the era of informatization, characterized by the application of information tools in many spheres of human activity, including education. The combination of traditional educational tools and the development of multimedia technologies is one of the key ways to improve the quality of modern education. Multimedia technologies contribute to the development of personal qualities of students and variability of education. The inclusion of these tools in the learning process provides an active and creative mastery of the subject matter under study and makes it possible to present the material at a higher quality level. Their use opens up new opportunities in the organisation of the learning process.

Today, as the education system is undergoing a significant shift in its priorities, information technology is coming to the fore, allowing for lifelong learning, a competency-based approach and distance learning. It is these changes that set the goal for educational institutions today: to teach students to solve problems and tasks in all spheres of life activities [1].

With the dramatic increase in the amount of knowledge, it is necessary to change the pedagogical priorities from "to learn" to "to educate" and from "to teach" to "to teach how to learn".

The term "multimedia" (multimedia, from multi and media) is defined in electronic dictionaries as the interaction of visual and audio effects under the control of interactive software. The main idea of multimedia is the use of different ways of presenting information in order to facilitate human-computer interaction. The modern concept of multimedia includes in software, high quality graphics and animation, video and audio accompaniment of texts. This makes the software product information-rich and at the same time easy to understand. Multimedia is an extremely useful and fruitful educational technology due to its inherent qualities of interactivity, providing the necessary information in response to user requests. Interactivity provides the ability to control the presentation of information: students can individually change the parameters of the studied processes, objects, phenomena; analyse results; set the speed of presentation and the number of repetitions and so on. The undoubted advantages of multimedia technology are:

- saving a considerable amount of information on one medium (up to 20 volumes of text, about 2,000 high-quality images, 30-45 minutes of video, up to 7 hours of sound);
- detailing of images while preserving their quality (this property is especially valuable for the presentation of works of art and unique historical documents);
- implementation of musical accompaniment, which corresponds to a static or dynamic visual sequence and is essential for better perception;
- inclusion of a programme resource of educational material with the function of "freeze frame or frame-by-frame "scrolling through" the video;
- use of Internet resources;
- inclusion of game components in the multimedia product.

Such features of multimedia technology provide a wide range of opportunities for different aspects of learning:

- involvement of different senses for perception of information;
- visual presentation of learning information, the visualization of which in natural conditions causes certain difficulties (reproduction of complex real experiments, experiments, events in real time);
- fixation of a selected part of visual information for its subsequent detailed study "under the magnifying glass" (consideration of works of art); – influence on the motivation of younger pupils, retention of attention at the expense of the story line of video fragments (bright presentation of the objects of study, presence of known cartoon characters, etc.)
- influencing learning outcomes by providing the pupil with timely and prompt individualised help (highlighting "hot spots" in a visual image, with the help of which immediate reference information, speech messages, etc. are provided)
- enhancing learning by using various forms of encouragement (appropriate musical accompaniment, positive comments and approving gestures of the main characters of the programme) [2].

The use of multimedia contributes to the implementation of personality-centred approach in training, provides individualization and differentiation, taking into account the characteristics of students. Computer-assisted learning makes it possible to organize independent work of each student. The selection of learning programmes depends on the learning material and the student's level of training. Working with a computer helps to increase motivation and interest in learning.

Nowadays, the introduction of the computer, multimedia technology and the Internet is affecting the education system, causing significant changes in the content and methods of teaching foreign languages. The computer is widely used as a tool for working with information. The use of multimedia presentations in the classroom is effective in providing visual support for language learning. The advantages of multimedia presentations include the following:

- a combination of textual, audio and video visualization; the possibility of using an interactive, multimedia whiteboard for the presentation, which allows for a more visual semantization of new lexical, grammatical and phonetic material, as well as support for the teaching of all kinds of speech activities;
- the possibility of using individual slides as handouts (supports, tables, diagrams, charts, graphs); activation of pupils' attention;
- ensuring the effectiveness of perception and memorisation of new learning material;
- control over mastering of the new knowledge and systematisation of the studied material;
- saving of class time;
- formation of students' computer multimedia competence.

The advantage of using multimedia presentations in teaching is the convenience and efficiency of visualisation of static information. With basic computer skills, a teacher can create a presentation for the needs of a specific lesson.

The current state of society's information resources and their accelerated replenishment and renewal lead to the revision of both methodological positions and technological solutions. The problem of organizing the educational process under conditions of multiplying the volume of educational information and limiting time budget without physical and psychological overload of students and trainees is very acute [4]. In this regard, in educational institutions it is necessary to optimize the educational process in mastering skills of foreign language speech, providing effective and high-quality training of students in foreign languages. In our opinion, it is possible to solve this problem by applying intensive learning technologies from primary school.

According to the modern Concept of Modernization of Kazakhstani Education, the pedagogical process should be aimed at formation of students' key competences, due to optimization and intensification of educational process.

E.V. Solovova in her book "Methods of teaching foreign languages: basic course" distinguishes the following components of communicative competence: linguistic, sociolinguistic, sociocultural, strategic, discursive and social. Linguistic competence implies mastery of certain aspects of language: phonetics, vocabulary, grammar. Sociolinguistic competence implies the ability to make a choice of language forms in accordance with the situation of communication. Language always reflects the peculiarities of people's lives, therefore socio-cultural competence is an integral part of communication, as it allows a dialogue not just at the level of individuals but also a dialogue of cultures, which implies knowledge of own culture and the culture of the country where the language is spoken. Strategic and discursive competence manifests itself in the ability to organise speech, the ability to structure one's speech logically, coherently and persuasively, to set objectives and to achieve one's goals. Social competence is the desire to interact with others, the ability to put oneself in the place of others [6].

Oral verbal communication is carried out through speaking. Speaking is a productive speech activity that aims at expressing thoughts orally and communicating information. Speaking is based on pronunciation, vocabulary and grammar skills. There is initiative or active speaking, reactive or responsive speech, and reproductive speech [2]. N.I. Zhinkin distinguishes the following components of speaking:

- 1) the purpose of speaking;
- 2) the content of the speech act;
